

ҚР БҒМ-НЫҢ "ШЕТЕЛДЕ БІР СЕМЕСТР БОЙЫ БІЛІМ АЛУ" БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарлама туралы жалпы мәлімет

БҒМ-ның академиялық мобильділік бағдарламасы білім алушыларға семестр бойы шетелдік жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік береді. Министрлік гранты екі жақ жол ақысын, 105 күн ішіндегі тұру ақысын, медициналық сақтандыру және виза шығындарын өтейді.



Үміткерлерге қойылатын талаптар



- * Бакалавриаттың 2-4 курсына, магистратураның 2 курсына оқу (бюджет негізінде, сондай-ақ ақылы негізде білім алатын студенттер қатыса алады);
- * ҚР азаматы болу;
- * Жоғары академиялық көрсеткіштерге ие болу (орташа балл 3,5-тен жоғары болуы шарт);
- * Шет тілінде еркін сөйлеу, сертификатпен растау (*upper-intermediate және жоғары деңгейде білу шарт*);
- * Факультетте конкурстық іріктеуден өту.

Қажетті құжаттар тізімі



- 1) Ректордың атына жазылған өтініш;
- 2) Қазақ немесе орыс тілдеріне аударылған шақыртудың нотариалды расталған көшірмесі;
- 3) Білім алушының өтініші;
- 4) Үшжақты келісім;
- 5) Факультет Ғылыми кеңесі хаттамасынан үзінді;
- 6) Транскрипт;
- 7) Шет тілін білу деңгейін растайтын сертификат;
- 8) Жеке оқу жоспары;
- 9) Медициналық анықтама (№082 формасы).

* Құжаттардың нұсқасы мен өтінішті келісудің тәртібін келтірілген [сілтеме арқылы](#) таба аласыздар.



* Сонымен бірге Сіздерге жиі қойылатын сұрақтармен танысуларыңызды сұраймыз.

Біздің байланыс



Бағдарлама туралы қосымша ақпарат турасында Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің Академиялық мобильділік бөлімімен хабарласыңыздар.

Біз Сіздерді қызықтыратын барлық сұрақтар бойынша кеңес беруге әрқашан қуаныштымыз.

Біздің байланыс: 406- Офис, 4 - қабат. (ректорат).

Сондай-ақ Сіздерде бөлімнің [Facebook](#) әлеуметтік желісі арқылы он-лайн кеңес алу мүмкіндіктеріңіз бар.

